

ЛИЦЕНЗИЯЛАНАТЫН ҚЫЗМЕТКЕ ҚОЙЫЛАТЫН БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары бекітілсін.
2. "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын, сондай-ақ олар бейнеленген материалдық объектілерді дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 8 сәуірдегі № 392 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., № 16, 206-құжат) күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң, бірақ 2012 жылғы 30 қаңтардан ерте емес қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Масимов

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын дайындау жөніндегі лицензияланатын қызметке қойылатын біліктілік талаптары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы №1529 қаулысымен бекітілген

1. Біліктілік талаптары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын (бұдан әрі - мемлекеттік рәміздер) дайындау жөніндегі лицензияны алуға үміткер заңды және жеке тұлғаларға қолданылады.
2. Мемлекеттік рәміздерді дайындау жөніндегі қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары:
 - 1) стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік рәміздерді дайындау процесін регламенттейтін, белгіленген тәртіппен келісілген және бекітілген Техникалық құжаттаманы (техникалық тапсырманы, техникалық шарттарды, конструкторлық-технологиялық құжаттаманың) болуы;
 - 2) меншік немесе жалға алу құқығындағы өндірістік техникалық база (өндірістік үй-жайлар, технологиялық жабдықтар, өлшеу және бақылау құралдары, оның ішінде қолданыстағы стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес дайындалған мемлекеттік рәміздерді дайындаудың технологиялық процесінің және сапасының сақталуын қамтамасыз ететін түстер атласы) болуы.